

Жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде орындайтын ветеринариялық шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2002 жылғы 14 қарашадағы N 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2088. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабының 2 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде орындайтын ветеринариялық шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру Ережесі бекітілсін.

2. Ветеринария департаментіне (Мыңжанов М.Т.), Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларымен, Астана және Алматы қалалары, бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте, осы бұйрықтан туындайтын керекті шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жүргізу Ветеринария департаментінің директоры М.Т.Мыңжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

орынбасары - Министр

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы

М и н и с т р і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 4 қ а р а ш а д а ғ ы

N 367 бұйрығымен бекітілген

Жеке және Заңды тұлғалардың міндетті түрде орындайтын ветеринариялық іс-шараларының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға міндетті түрде орындау үшін ветеринариялық іс шараларды жүргізудің және ұйымдастырудың бірыңғай тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережені бұзғандығы үшін айыпты заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдылығына байланысты жауапкершілікке тартылады.

2. Жалпы түсінік

3. Осы Ережеде қолданылатын түсініктер:

1) ветеринариялық іс шаралар - мал ауруларын жұқтырмайтын, таратпайтын, аурулардың алдын алатын, диагноз қойып емдейтін, адамға қауіпті аурулармен ауырған малдарды алып қою, жою-құрту мәселесін шешетін іс-шараларға қарсы к е ш е н д і ш а р а л а р ы ;

2) ветеринариялық паспорт - жазылған мал иесі, малдың түрі, жынысы, түсі, жасы және ауруға қарсы егілген мағлұматтары бар, малдың ауырғаны, емделгені, қойылған диагноздары көрсетілген Мемлекеттік өкілеттік органымен белгіленген түрде в е т е р и н а р и я л ы қ к ұ ж а т ;

3) қолайсыз пункт - эпизоотиялық ошағы бар аумақ;

4) эпизоотиялық ошақ - ауру қоздырғышы, тарататын факторлары және ауыратын малдар бар аумақ, қора.

3. Ветеринариялық-санитарлық тұрақтылық аумағында жүзеге асырылатын шаралар

4. Жануарлар иелері жүргізетін ұйымдастыру шаруашылық шаралары:

1) ветеринариялық инспекторлардың талабы бойынша малды профилактикалық тексеруге, диагностикалық зерттеулерге, профилактикалық е г у г е ұ с ы н у ;

2) ветеринариялық мамандарға ветеринариялық іс-шараларды орындауға қ о л а й л ы ж а ғ д а й т ұ ғ ы з у ;

3) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы х а б а р л а у ғ а ;

4) мал қораларында және аулаларында тұрақты механикалық тазарту жүргізу, к ө н д і з а р а р с ы з д а н д ы р у ғ а ү ю ;

5) барлық малдарды паспортизациялау және үйлестіру;

6) табынды, отарды, топты инфекциялық аурулардан таза аумақтық малдарымен толықтыру;

7) жаңадан әкелінген малдарды диагностикалық зерттеулер және ветеринариялық емдеу жүргізу мақсатында 30 күн бойы оқшаулап ұстау;

8) мал азығын малдың инфекциялық ауруларынан таза аумақтарда дайындау;

9) асхана және қасапхана қалдықтарын термикалық зарарсыздандыру;

10) ветеринариялық мамандарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына жәрдем көрсетуге;

11) қолайлы және қолайсыз аумақ малдары арасындағы қатынасты болдырмау.

5. Мал иелері орындайтын ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар:

1) малды орналастыруда, азықтандыруда және пайдалануда ветеринариялық-санитарлық ережелерді орындау;

2) мал жайылымдарын және суаттарын қалыпты ветеринариялық-санитарлық жағдайда ұстау;

3) көнді және өлексені уақытында зарарсыздандыру;

4) мал қораларына ретті профилактикалық дезинфекция (микроорганизмдерді жою), дератизация (тышқандарды жою), дезинсекция (зиянды бунақ денелерді жою), дезакаризация (кенелерді жою) жүргізу;

5) мал фермаларын, қораларын дезинфекциялық тосқауылдармен қамтамасыз ету;

6) мал шаруашылығы объектілерінің аумақтарын қоршау.

6. Ветеринариялық мамандар орындайтын арнайы іс-шаралары:

1) малдарға жыл сайын клиникалық тексеріс жүргізу;

2) малдарға ветеринариялық алдын-алу иммундеуі және емдеу алдын-алу жұмыстарын жүргізу;

3) малдарға жоспарлы диагностикалық зерттеулер жүргізу.

4. Жұқпалы аурулар шыққан жағдайда, сондай-ақ індет ошағында және қолайсыз пунктте жүргізілетін іс-шаралар

7. Мал иелерімен орындалады:

1) бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

2) ветеринариялық маманның рұқсатынсыз ауырды деген малды бір жерден екінші жерге айдауға тиым салынады;

3) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу

үшін союға және сойылғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитарлық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге;

4) індет ошағының аумағына бөтен адамдарды және көліктерді енгізуге тиым салынады ;

5) малдың көңін, өлексесін және ауру малдың басқа да қалдықтарын зарарсыздандыру.

8. Ветеринариялық инспекторлардың бақылауымен ветеринариялық мамандар-лицензиаттармен орындалады:

1) малға клиникалық тексеріс және шарасыз иммунизация жүргізу;

2) ауру малдарды емдеу ;

3) лажсыз дезинфекция жүргізуге.

9. Ветеринариялық инспекторлар орындайды:

1) қолайсыз пункттен малдарды және олардың өнімдерін әкетуге, әкелуге тиым салу ;

2) ауру малды арнайы бөлінген жерлерде союды және олардың өнімдерін өңдеуді ұйымдастыру ;

3) аса "Жұқпалы мал ауруларынан өлген, ауырған малдарды және олардан алынған өнімдерді алып қою , жою.

5. Осы Ережелердің орындалуын қадағалау

10. Осы ережелердің орындалуын қадағалауды аумақтық ветеринариялық инспекторларына және аумақтық ветеринариялық бас инспекторына жүктеледі.